

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Амангазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Бұл оқулықтар еліміздің жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолданылып жүргендіктен маңызы өте зор. Ғалым Қарлығаш Байтанасова ғылыми зерттеу жазумен бірге әдебиетті оқытудың, көркем шығарма талдаудың әдістері мен әдіснамасын меңгерту мақсатында бұдан басқа да еңбектер жазды. Оқу құралын жазудың маңызы – білім беру жүйесіндегі ең өзекті ғылыми-педагогикалық мәселелердің бірі. Әдебиеттану оқу құралы – тек ақпарат беру емес, әдеби категориялардың мазмұнын ғылыми негізге сүйеніп зерттеу нәтижесінде тиянақты түсіндіретін, оқытудың әдісін және бағытын жүйелейтін негізгі дидактикалық құрал. Қ. Байтанасованың оқу құралы – «Әдебиеттануға кіріспе» пәні бойынша әдеби категорияларды бір ізге түсіріп, жүйелеген, оқыту мақсатына бейімдеп, теориялық білімді практикаға, әдеби мәтінді талдауға ұштастырған ғылыми-педагогикалық еңбек деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын//Құраст.Оразбек М., Зәкиұлы М. – Алматы: «Арда», 2008. – 400 б.
2. Байтанасова Қ. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2018. 116 б.
3. Әдебиеттануға кіріспе пәнінің практикумы (Оқу құралы)

Айтуғанова Сәулеш Шамшақызы

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ҒАЛЫМ. ӘДІСКЕР. ҰСТАЗ.

Ұлттық мұраны ғылыми тұрғыда зерделеу, оны оқу үдерісінде тиімді пайдалану және жас зерттеушілерді дайындау – бір-бірімен сабақтас үдерістер. Жоғары оқу орнында қызмет ететін ғалымдар ғылыми-зерттеушілік қызмет пен педагогикалық тәжірибені өзара сабақтастықта дамыта отырып, ұстаздық пен әдіскерлік қызметті біртұтас жүйе ретінде қарастыра білуі керек. Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми ізденіс пен педагогикалық тәжірибені, әдістемелік жаңашылдықты үйлестіре білген ғалымдардың еңбегі айрықша маңызды.

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әдебиеттанушы-ғалым, жоғары оқу орнының үздік оқытушысы Қарлығаш Медетқызы Байтанасова – қазақ әдебиеттану ғылымы мен жоғары білім беру саласында нәтижелі еңбек етіп келе жатқан осындай көпқырлы тұлғалардың бірі. Бұған Қарлығаш Медетқызының «Сәбит Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүр», «Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық», «Көркем мәтін және мекеншақ сипаты», «Ғылым кеңістігі және әдебиеттану», «Эстетика және әдебиет» монографиялары, оқу үдерісіне арналған «С.Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі», «XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (С.Айтуғановамен бірге), «Орыс қаламгерлері шығармаларының эмигранттық кезеңі», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Ж.Аймұхамбетпен бірге), «Фольклортанудың теориялық негізі», «Әдебиетті

жоғары мектепте оқыту әдістемесі», «Әдеби шығармашылық және мәтін талдау негіздері» (Л.Дәуренбековамен), «Гуманитария. Анықтамалық» (ұжымдық), «Мәтін талдау. Практикум» (ұжымдық), «Салыстырмалы әдебиеттану және мәтін талдау» (ұжымдық) сияқты оқулықтары мен оқу құралдары т.б. еңбектері дәлел бола алады. Енді Қарлығаш Медетқызының ғалымдық, ұстаздық қырларын танытатын еңбектерінің бірнешеуіне қысқаша тоқталып кетейік.

Қ.Байтанасованың ғылыми зерттеу еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерін қамтиды. Ғалымның зерттеулері қазақ әдебиетін әр қырынан кешенді түрде қарастыруымен ерекшеленеді.

Ғалымның «Сәбит Мұқановтың шығармаларындағы фольклорлық дәстүр» атты зерттеу еңбегі академик-жазушы С.Мұқановтың көркемдік әлемін фольклорлық дәстүрлермен сабақтастықта жүйелі талдауға арналған. Еңбекте жазушының фольклорды жинау, жариялау және шығармашылықпен игеру жолындағы еңбегі жан-жақты сараланып, оның халық мұрасын көркем әдебиетпен ұштастырудағы өзіндік ұстанымы айқындалады. Зерттеу барысында фольклор мен әдебиеттің тарихи байланысы, айырмашылығы және өзара ықпалы бірлікте қарастырылып, С.Мұқанов шығармашылығы бұл үдерістің жарқын үлгісі ретінде бағаланады.

Автор жазушы туындыларындағы фольклорлық жанрлар мен сюжеттерді, кейіпкерлер жүйесін, мақал-мәтелдер мен тұрақты образдардың семантикалық әрі көркемдік қызметін нақты мысалдар арқылы талдайды. Батырлар жыры, ғашықтық дастандар, аңыз-ертегілер мен халықтық ұғымдар С.Мұқанов шығармаларындағы ұлттық дүниетаным, қоғам мен заман шындығы тұрғысынан пайымдалады. Сонымен қатар фольклорлық образдар мен символдар жаңаша мазмұнмен түрленіп көрсетіледі.

Ал «Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық» монографиясы эмиграциялық әдебиеттің әлеуметтік, мәдени және көркемдік ерекшеліктерін жан-жақты талдайтын ғылыми еңбек болып табылады. Ғалым диаспора ұғымын, эмиграция түрлерін, тарихи-саяси контексті анықтап, эмигрант авторлардың рухани, ұлттық бірегейлігін сақтауға ұмтылуын көрсетеді. Монографияда эмиграциялық әдебиеттің жанрлық және стильдік эволюциясы, авторлық «мен» мен тұлға концептісі, эмигранттық сана, уақыт пен кеңістік, трагизм мен элегиялық сарын, сондай-ақ балалық шақ пен естелік, мемуарлық және эпистолярлық туындылардағы көркемдік құрылымдар жүйелі түрде қарастырылады. Нәтижесінде еңбек эмиграциялық әдебиеттің идеялық және көркемдік сабақтастығын, ұлттық әдебиеттің тарихи-рухани жадысын сақтау мен көрсету рөлін дәлелдейтін маңызды ғылыми еңбек ретінде бағаланады.

Қарлығаш Медетқызының қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері туралы ғылыми тұжырымдары зерттеу еңбектерімен қатар, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, жасаған көптеген баяндамаларында да көрініс табады. Сол сияқты ғалым ҚР БЖҒМ жариялаған гранттық ғылыми жобаларға белсенді түрде қатысып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, жоба тақырыбына қатысты жарық көрген ұжымдық монографиялар мен оқу құралдырының да авторы.

Қарлығаш Медетқызының оқу үдерісіне арнап жазылған оқулықтары мен оқу құралдары жоғары оқу орындарында әдебиет пәндерін оқытудың сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік еңбектер болып табылады.

Атап айтсақ, Қ.Байтанасованың «Әдебиеттануға кіріспе» оқу құралы – әдебиеттанудың негізгі категориялары мен теориялық ұғымдарын жүйелі түрде түсіндіріп, оларды көркем мәтін талдауымен ұштастырған кешенді ғылыми-педагогикалық еңбек. Автор әдеби жанрлардың табиғатын, канондық ерекшеліктерін, жанр тудырушы факторларды, көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік, автор мен кейіпкер, идея мен стиль мәселелерін нақты мысалдар арқылы талдап, білім алушылардың әдеби-теориялық ойлау дағдысын қалыптастыруға бағыттайды. Оқу құралында роман, өмірбаян, эссе сияқты жанрлардың ерекшеліктері терең ашылып, әлеуметтік көпүнділік, авторлық сана, тарихи және көркем шындықтың арақатынасы ғылыми тұрғыда негізделеді. Сонымен қатар еңбектің практикуммен толықтырылуы теорияны тәжірибемен байланыстырып, білім алушыларға көркем мәтінді кәсіби деңгейде талдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, «Әдебиеттануға кіріспе» жоғары оқу орындарында әдебиет теориясын меңгертудің әдістемелік әрі ғылыми негізі болып саналатын еңбектердің бірі деп есептеуге болады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ұсынған «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі» оқу құралдары жоғары мектептегі әдеби білім берудің теориялық және практикалық негіздерін жан-жақты қарастырады. Қазақ әдебиетін оқыту мәселелері, әдебиет пәнінің білім беру жүйесіндегі мән-маңызы, жанрға қатысты саралаулар, олардың ерекшелігі, көркем мәтінді талдау үлгілері бүгінгі күн тұрғысынан зерделеу арқылы айқындалып, пәнді оқытудағы ұтымды әдіс-тәсілдер кеңінен қарастырылады. Еңбек білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге, ғылыми ойлау мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға арналған. Ғалым әдебиет пәнін оқытудағы мақсат, мазмұн, әдіс-тәсілдер мен жанрлық-теориялық ұғымдарды көркем мәтінмен байланыстыра тиімді меңгертудің жолдарын ұсынады. Сондай-ақ дәріс, семинар, аралық бақылау және өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуын нақты көрсетеді. Оқу құралы қазіргі білім беру жүйесіндегі білім алушыларға бағдарланған тәсілдерді, пәнаралық ықпалдастық пен инновациялық технологияларды есепке ала отырып, әдебиеттің тәрбиелік, дүниетанымдық және мәдени мәнін ашып, теория мен практиканы сабақтастыруда әдістемелік маңызды нұсқаулық бола алатыны сөзсіз.

Бұдан басқа жоғары оқу орнының білім алушыларына арналған «XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясы», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» оқу құралдарында қазақ әдебиетінің аталған кезеңдеріндегі ақын-жыраулар шығармашылығы жан-жақты қарастырылып, оқу бағдарламасына сәйкес машықтандыру сабағының сұрақтары, өздік жұмыс тапсырмалары, мәтін талдау үлгілері берілген.

Қ.Байтанасованың оқу үдерісіне арналып жазылған еңбектерінің қайсысы болмасын әдеби білім берудің теориялық-әдістемелік негіздері жүйелі түрде ұсынылып, оқу үдерісіне қолдануға ыңғайлы практикалық тапсырмалармен

толықтырылған. Бұл оқу құралдары болашақ филолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Сонымен бірге Қарлығаш Медетқызы – осы уақытқа дейін қаншама шәкірт дайындағын білікті ұстаз. Ол жоғары оқу орнында ұзақ жылдар бойы әдебиеттану бағытындағы бірнеше пәндерден дәріс оқып келеді. Дәріс пен практикалық сабақтарында теорияны тәжірибемен ұштастырып, білім алушылардың әдеби талдау дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударады.

Қарлығаш Медетқызының ұстаздық қызметі жоғары оқу орнында кәсіби мамандар даярлаумен тікелей байланысты. Ғалым университетте, республиканың жоғары оқу орындарында өтетін ғылыми жоба конкурстарына, конференцияларға студенттер мен магистранттарды дайындап, олардың ғылыми бағыттағы ізденістеріне жетекшілік жасап, шәкірттері жүлделі орындарға ие болып жүр.

Ғалым-ұстаздың кәсіби қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – жас ғалымдарды ғылымға баулу. Оның тәлімгерлік қызметі жас зерттеушілердің ғылыми жауапкершілігін арттырып, олардың академиялық ортада қалыптасуына ықпал етеді.

Ғалым-ұстаздың жетекшілігімен орындалған дипломдық жұмыстар, магистрлік, докторлық диссертациялар оның педагогикалық мектебінің қалыптасқанын көрсетеді. Бүгінгі таңда оның жетекшілігімен магистрлік, докторлық қорғаған шәкірттері әртүрлі салада еңбек етіп, жетістіктерге ие болып, университетіміздің мақтанышы болып жүр. «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» деп Абай ағамыз айтқандай, шәкірттерінің жетістікке жетуіне ұстазының берген білімі мен бағыт-бағдарының да үлесі зор.

Зерделеп отырсақ, Қарлығаш Медетқызы әдебиеттану мен педагогика саласындағы зерттеулері арқылы әдебиетті оқыту мен ғылыми-әдеби зерттеуді біртұтас жүйе ретінде қарастыруға бағытталған маңызды ғылыми-педагогикалық дәстүр қалыптастырған деуге болады. Оның еңбектері әлеуметтік, мәдени және тарихи контексті ескере отырып, әдебиет пәнін жоғары мектепте оқытудың теориялық негіздері мен практикалық әдістемесін кешенді түрде ұсынып, білім алушылардың танымдық, шығармашылық және тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Қ.Байтанасова тек білім беру үдерісін ұйымдастыруды ғана емес, әдебиет арқылы ұлттық сана, рухани құндылықтар мен мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, сонымен қатар білім алушылардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қабілетін дамыту мәселелеріне ерекше мән береді. Оның еңбектері теория мен практиканы сабақтастыру, көркем мәтінмен жұмыс жасау арқылы әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту, сондай-ақ инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану сияқты қазіргі білім беру талаптарын ғылыми тұрғыда негіздеуге арналған.

Қорыта келгенде, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиеттанушы ғалым, ЖОО-ның үздік оқытушысы Қарлығаш Медетқызы – ұстаздық, ғылыми-зерттеушілік және әдістемелік қызметті өзара сабақтастықта жүзеге асырып келе жатқан кәсіби тұлға деуге негіз бар. Оның қазақ әдебиеттану ғылымына

қосқан үлесі, білім жүйесін жетілдірудегі еңбегі және жас ғалымдар даярлаудағы ұстаздық қызметі қазіргі жоғары білім беру саласында ерекше орын алады.

Ахметова Жанар Қайратқызы
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының
жетекші ғылыми қызметкері

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН ҰСТАЗ
*(Ұстазым Қарлығаш Медетқызы Байтанасованың
мерейтойына арналады)*

Әрбір адамның өмір жолында кәсіби маман және тұлға болып қалыптасуына елеулі ықпал ететін кездесулер болады. Мұндай кездесулер кәсіби бағытты ғана емес, адамның болмысын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Мен үшін сондай тұлғаның бірі – филология факультетінің екінші курсынан топ кураторы болған, алғашқы курстық жұмысымды жазуға бағыт-бағдар берген, кейін менің диплом жұмысыма жетекшілік етіп, ғылым жолына жетелеген ұстазым Қарлығаш Медетқызы Байтанасова.

Ұстазымның адамгершілік болмысы, қарапайымдылығы, қатаң талап қоятын қасиеті мен кәсіби мәдениеті ұстаздықтың шынайы үлгісін көрсетті.

Қарлығаш Медетқызы – жай ғана дәріс оқитын оқытушы емес, студенттің бойындағы мүмкіндікті көре білетін, ойлануға, ізденуге, сұрақ қоюға үйрететін нағыз ұстаз. Ол аудиторияға тек пән материалын ғана емес, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, ғылымға деген адалдықты ала келетін. Оның әрбір сабағы студентті дайын ақпаратты қабылдаушыдан зерттеушіге айналдыруға бағытталды.

Екінші курстан бастап топ кураторы ретінде ол бізге университет өмірінің мәнін, білім алудың терең мағынасын түсіндіре білді. Ғылымның оңай жол емес екенін, бірақ адал еңбек пен табандылық болса, ол жолдың міндетті түрде нәтиже беретінін ұғындырды.

Ал диплом жұмысы кезінде Қарлығаш Медетқызының жетекшілік ету мәнері оның кәсіби деңгейін айқын көрсетті. Ол дайын ойды ұсынған жоқ, керісінше, өз ойыңды дәлелдеуге, деректі материалдармен жұмыс істеуге, ғылыми стильді сақтауға, өз пікірімізді батыл қорғауға және жауапкершілікті алуға үйретті. Әр түзету, әр ескерту студентке деген сенім мен талаптың үйлесімінен туған еді. Сол талап мен үшін ғылымға деген қызығушылыққа апарған саналы таңдау деңгейіне жетті. Оның жетекшілігімен жазылған әрбір диплом жұмысы – талап пен кәсіби жауапкершіліктің нәтижесі екенін әрбір студент біледі, сондықтан кездейсоқ студент Қарлығаш Медетқызына диплом жазуға келмейтін. Оны кейін әріптес болған уақытта да байқаған едім. Бұл да көп дүниені аңғартады.

Қарлығаш Медетқызы үшін студент – уақытша тыңдаушы емес, болашақ әріптес, ертеңгі ғылым мен білім кеңістігінің өкілі. Сондықтан да ол бізді тек